ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«РЗА»
АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКЦИОНЕРНОЕ
ОБЩЕСТВО
«РЗА»

РК,Кызылординская область,Казалинский р/н, кент Айтеке би, ул.Муратбаева, №1Е, тел.8(72438)–21132, ф–21884
ҚР, Қызылорда обл, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Мұратбаев к/сі, №1Е, тел: 8(72438)-21132, ф-21884 E-mail: nurmashov@list.ru

Шығу№35
«15» наурыз 2019 ж.

исх.№35
«15» март 2019 г.

Қызылорда облысы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

«РЗА» АҚ-ы Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі (БСН 140440014725, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан құрылысы, 1 үй) 2019 жылдың 28 қаңтарда жарияланған №2989405-1 «Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кентінің көлемі 210 гектар жер учаскесінен салынатын тұрғын үйлерді инфрақұрылыммен қамтамассыз ету (ауыз сумен жабдықтау)» электрондық конкурсына қатысып, әлеуметтік өнім беруші ретінде, аталған конкурстың қорытынды туралы хаттамасына төмендегідей наразылығымызды білдіреміз.

Конкурстың қорытындысында конкурсқа қатысушылардың шартты жеңілдікті есептегендегі баға бойынша **"Мелиоратор" ЖШС-і** мен **"РЗА" АҚ-ы** бағалары бірдей болып, конкурстың жеңімпазы **"Мелиоратор" ЖШС-і** болып отыр.

Осыған орай, аталмыш электрондық конкурстың қорытындысы бойынша қандай себептермен **"Мелиоратор" ЖШС-і** жеңімпаз атанып отыр?

Шағым жасалған конкурстың қорытындыларын өткізу барысында сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу саласындағы ҚР заңнамасын және мынадай базалық қағидаттарды бұзуға жол берді: әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру, әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, ҚР "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 47-бабын Басшылыққа ала отырып, конкурстық комиссияның Мемлекеттік сатып алуды өткізу ережелерін бұзуына байланысты конкурстық комиссияның іс-қимылының заңдылығын тексеріп, тексеру нәтижелері бойынша Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға жол берілген бұзушылықтарды жою туралы тиісті хабарлама жіберуді сұраймыз, атап айтқанда::

1. " Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кентінің көлемі 210 гектар жер учаскесінен салынатын тұрғын үйлерді инфрақұрылыммен қамтамассыз ету (ауыз сумен жабдықтау)" №2989405-1 **Электрондық конкурстың қорытындысын қайта қарау**.

«РЗА» АҚ-ы президенті **Имандосов С.Ж.**